**Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин»**

**бөбекжай бақшасы**

**Бекітемін:**

**МДҰ меңгерушісі: Б.Сеилова ______**

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары мен Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**2023-2024 оқу жылы**

**Қыркүйек айы  2023жыл**

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **І.Денешынықтыру**<br>**ІІ.Денешынықтыру**<br>**ІІІ. Денешынықтыру** –әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа |

| | |
|---|---|
| | апару, басынан<br>жоғары көтеру;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа<br>қою;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br><br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін |

| | |
|---|---|
| | құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасызету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;<br><br>**Сөздік қор:**<br>ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** |

| | |
|---|---|
| | сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | **Әдістемелік нұсқаулық бойынша**<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| **Қазақ тілі** | **1.Менің достарым**<br>**2. Отбасы**<br>**3.Бауырсақ**<br>**4. Күз мезгілі**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.** |

| | |
|---|---|
| | Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сан.**<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Көкөністер мен жемістердің суретін салу<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша |

| | |
|---|---|
| | Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау |
| **Музыка** | 1. **Менің достарым**<br>2. **Менің отбасым**<br>3. **Ертегілер елінде**<br>4. **Күз**<br>**Музыка тыңдау**<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету<br>**Заттық әлем.** |

| | |
|---|---|
| | Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау |

**Қазан айы 2023жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I.Денешынықтыру**<br>**II.Денешынықтыру**<br>**III. Денешынықтыру** –әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру, тура жолмен қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). |

| | |
|---|---|
| | *Аяққа арналған жаттығулар:*<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен |

| | |
|---|---|
| | киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| **Көркем әдебиет** | әдістемелік нұсқаулық бойынша<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |

| | |
|---|---|
| **Қазақ тілі** | 1. **Отбасы**<br>2. **Сыпайы сөздер**<br>3. **Менің үйім**<br>4. **Сөйлесу және тыныс алу**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br><br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br>**Сан.**<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. |

| | |
|---|---|
| | өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды,<br>бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау<br>Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру; |
| **Музыка** | 1. **Жемістер мен көкөністер**<br>2. **Орман** |

| | |
|---|---|
| | 3. **Үй жануарлары**<br>**Музыка тыңдау**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету;<br>ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту.<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауғатәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.** |

| | |
|---|---|
| | Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды пысықтау.<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br><br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау, саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру |

**Қараша айы  2023жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I. Денешынықтыру**<br>**II. Денешынықтыру**<br>**III. Денешынықтыру-** Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br>*Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. |

| | |
|---|---|
| | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен<br>иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды |

| | |
|---|---|
| | мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда<br><br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

| | |
|---|---|
| | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту;<br>ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру,<br>«салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға<br>қызығушылықты арттыру |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. |
| **Қазақ тілі** | 1. **Жуан және жіңішке сөздер**<br>2. **Есту және тыныс алу**<br>3. **Туыстық қатынас**<br>4. **Мен кіммін?**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды:<br>сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, |

| | |
|---|---|
| | балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сан.**<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылызаттарды мүсіндеуді. (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі,<br>түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыраотырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. |
| **Музыка** | **1. Кітап**<br>**2. Тазалық** |

| | |
|---|---|
| | 3. **Ойыншық**<br>4. **Менің қалам**<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен біріңартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту<br>**Заттық әлем.** заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру |

| | |
|---|---|
| | **Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

**Желтоқсан айы 2023жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I. Денешынықтыру**<br>**II. Денешынықтыру**<br>**III денешынықтыру-** Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып,<br>арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.<br>*Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>*Секіру.* Құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. |

| | |
|---|---|
| | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан<br>жоғары көтеру;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше;<br>иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа<br>қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен<br>иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**. |

| | |
|---|---|
| | Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

| | |
|---|---|
| | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және |

| | |
|---|---|
| | сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| **Көркем әдебиет** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | 1. **Қыс**<br>2. **Ағам менің**<br>3. **Достарым**<br><br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы  етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |

| | |
|---|---|
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сан.**<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйреу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Музыка** | 1. **Қар жауып тұр далада**<br>2. **Қазақстан** |

| | |
|---|---|
| | 3. **Қыс қызығы**<br>4. **Жаңа жыл**<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Музыкалық аспап металлафонмен таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын |

| | |
|---|---|
| | қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** |

| | |
|---|---|
| | серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

**Қаңтар айы  2024 жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I. Денешынықтыру**<br>**II. Денешынықтыру**<br>**III. Денешынықтыру**- Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден,  екеуден  (жұппен) жүру;  әртүрлі  бағытта:  тура,  шеңбер  бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)<br>еңбектеу;<br>*Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру*. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

| | |
|---|---|
| | *Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеденсырғанау.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу |

| | |
|---|---|
| | **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан  кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу |

| | |
|---|---|
| **Қазақ тілі** | 1. **Достармен ойын**<br>2. **Көңіл күй**<br>3. **Мен әдепті баламын**<br><br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау:  алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |

| | |
|---|---|
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Музыка** | **1. Қыс**<br>**2. Бауырсақ**<br>**3. Аққала**<br>**4. Көліктер**<br>**5. Қыс мезгілі**<br>**Музыка тыңдау** |

| | |
|---|---|
| | Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне ( қамқор, сезімтал және іскер) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның |

| | |
|---|---|
| | үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

## Ақпан айы  2024 жыл

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I. Денешынықтыру**<br>**II. Денешынықтыру**<br>**III. Денешынықтыру-** Әдістемелік нұсқаулық бойынша |

| | |
|---|---|
| | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*<br>Жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру<br>*Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>*Секіру.*Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:* |

| | |
|---|---|
| | қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br><br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, |

| | |
|---|---|
| | қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br><br>**Сөздік қор.**<br>сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту |

| | |
|---|---|
| | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге,  өз ойын айтуға үйрету |
| **Көркем әдебиет** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **1. Ойыншықтарым**<br>**2. Кел,достар**<br>**3. Ертегілер**<br>**4. Менің шанам**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.** |

| | |
|---|---|
| | Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br>**Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін<br>ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:  алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісінеқарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша |

| | |
|---|---|
| | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйретуді пысықтау. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Музыка** | **1. Құлыншақ**<br>**2. Қысқы ойындар**<br>**3. Меркелер**<br>**4. Көктем**<br>**Музыка тыңдау**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту.** |

| | |
|---|---|
| | Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (еңбекқор, ұқыпты) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін пысықтау.<br>**Өсімдіктер әлемі.** |

| | |
|---|---|
| | бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу дағдыларын дамыту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>топта қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау дағдыларын қалыптастыру |

## Наурыз айы 2024 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **I. Денешынықтыру**<br>**II. Денешынықтыру**<br>**III. Денешынықтыру-** Әдістемелік нұсқаулық бойынша |

| | |
|---|---|
| | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; |

| | |
|---|---|
| | *Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. |

| | |
|---|---|
| | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. |

| | |
|---|---|
| | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету |
| **Көркем әдебиет** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларғасөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту. |
| **Қазақ тілі** | 1. **Менің анам**<br>2. **Көктем келді**<br>3. **Наурыз мерекесі** |

| | |
|---|---|
| | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| **Математика негіздері** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>**Сан.**<br>«Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер** |

| | |
|---|---|
| | Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру. |
| **Сурет салу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды.<br>Қазақ оюөрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет |

| | |
|---|---|
| | салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| **Жапсыру** | Әдістемелік нұсқаулық бойынша<br><br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Музыка** | **1. Аналар күні**<br>**2. Көктем**<br>**3. Жаңбыр**<br>**4. Наурыз**<br>**Музыка тыңдау**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға жәнебілуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.** |

| | |
|---|---|
| | Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақби қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпалету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен карауға, оларға ұқыптылықпен карауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Қазақхалқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды |

| | |
|---|---|
| | айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Қыркүйек айы 2023жыл 1 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма 01.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында, киінуі бойынша ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, куыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | | | | | «Ойыншығым» Міндеттері: Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б<br>Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу.<br>Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>**(Математика негіздері)**<br>**(Құрастыру)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері. «Алақанның жылуы»<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі** | **Қазақ тілі** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | <u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Қоян мен қасқыр |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | | | «Шырша мен ағаш» Бақылау және зерттеу әрекеті.<br>Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен гүлдерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еңбек әрекеті. Мақсаты: үлкендерге көмектесу. Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп,таныстыру Қ/о «Поезд» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Ұйықтау туралы әңгімелеу. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | | | | | «Шар» Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар:<br>Міндеттері: Топқа есігін қағылып қонаққа қоян келеді. Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға бергізіп,бізде қоянға сыйлық берейік деп балалардың қалаулары бойынша шардың суретін салып, ермексаздан шар жасап, немесе дайын кіші тақтайашаларға шарларды жапсырып сыйға беруді ұйымдастыру. Жеке жұмыс орындау қабылетін дамыту<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | | Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | | | | «Бала, бала, баламыз»<br>Міндеттері: Тақпақты бірге жаттау.Есте сақтауын дамыту<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз<br>**(Көркем әдебиет)**<br><br>Қ/о «Тырналар»<br>Бақылау.<br>Мақсаты: Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | | | | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат жүргізу |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қыркүйек айы 2023жыл 2 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 04.09.2023 | Сейсенбі 05.09.2023 | Сәрсенбі 06.09.2023 | Бейсенбі 07.09.2023 | Жұма 08.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыру»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>**Бaлармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «**Менің досым»**<br>Міндеттері:<br>Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз | «**Біздің топ»**<br>Міндеттері:<br>Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды | Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата». Мақсаты: Ғажайып қоржынан алған заттарын танып, атай білуге үйрету. Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін | «**Қуыршақ»**<br>Міндеттері:<br>Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** Топтағы қуыршақтармен еркін ойындар<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Қуыршақтың сүйікті | **«Кітаптар»**<br>Міндеттері: Сүйікті қуыршақтарымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді қуыршақтарымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту. Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту) (Сурет салу) (Мүсіндеу)** | салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту) (Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері)** | жетілдіру) | ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)** | **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз  Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Менің достарым»**<br>Міндеттері: Достары жайлы суреттер арқылы әңгімелесу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Жүгіру.*<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру;<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Тырналар-тырналар | **Музыка**<br>**«Менің достарым»**<br>Міндеттері:<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауын қалыптастыру;<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойымен жүру.<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Тышқандар мен мысық.<br>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық)<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br>Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «**Үйшік»**<br>Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру<br>**(Құрастыру)** | | «**Әже»**<br>Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.**<br>Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау<br>**(көркем әдебиет)**<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту<br>**(математика негіздері)** | Қуыршағымыз демалысын, оған арнап кереует құрастырып берейік.<br>**(Құрастыру)** | «**Жол және орындық**»<br>Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету.<br>**(Құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | «Балабақша қызметкерлері» туралы | «Ойыншықтар» жайлы өлең | Бақылау.<br>Мақсаты: Әжеге | Серуенде аулада орналасқан ойын | бірге ән айтып, би билеп көңілді жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдарын кеңейту үшін. Балабақша ғимаратында серуен, мамандармен, топтармен таныстыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Ойыншықтар жайлы өлең жаттау<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ.<br>*М.Әлімбаев*<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балалардың дербес әрекетін дамытатын қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап» | қайталау.<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ.<br>*М.Әлімбаев*<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты:Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту<br><br>Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» | балабақша ауласын көрсетіп таныстыру, қайда немен айналысатындары туралы айтып беруіне жағдай жасау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Фланелеграф тақтасында балалардың еркін әрекеттерін ұйымдастыру.<br>**(Жапсыру)**<br><br>Еңбек.<br>Мақсаты: Жапырақтар теру, құмыраға сәндеп салу. Әжегеде сыйға беру.<br>Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары | құралдарын атап әңгімелеуін қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты:Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету.<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: Поезд | жағдайын жасау. (музыка)<br>Бақылау.<br>Мақсаты:Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: Сақина жасыру |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық.<br>«Шеңбер»<br>Міндеттері: Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру.<br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру.<br>**(Жапсыру)**<br>**(математика негіздері)** | Шығармашылық әрекеттер.<br>Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау.<br>Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)** | «Қоралар»<br>Міндеттері: Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету<br>**(Құрастыру)**<br>«Мерекелік әсем шарлар»<br>Шығармашылық әрекеттер.<br>Мақсаты:<br>Өнер орталығында суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру | «Ойыншық»<br>Міндеттері: ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Ойын. «Таны ата»<br>Мақсаты: Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері)** | «Артығын тап» дидактикалық ойын.<br>Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату<br>**(математика негіздері)**<br>Шығармашылық әрекеттер.<br>Мақсаты:Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Жапсыру)** | **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** | | саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ауыз екі сөйлесу | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіруді Әсия,Айбибіге үйрету | шығармашылыққа баулу,қызығушылы-ғын ояту | Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету. | Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды Айкөркем,Асылзатқа үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр | Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар орындық т.б **(құрастыру)** Қ/о: Тырналар-тырналар | Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық | Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу» | Қандай көкөніс пен жаместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу | Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну. | Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қыркүйек айы 2023жыл 3 апта</u>**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 11.09.2023 | Сейсенбі 12.09.2023 | Сәрсенбі 13.09.2023 | Бейсенбі 14.09.2023 | Жұма 15.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау.<br>**Балармен жеке жұмыс.**<br>Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Сөйлеу және тыныс алу»**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздермен сөздік қорларын толықтыру: жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд | **Музыка** | **Дене шынықтыру** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u> Допты дәлдеп лақтыр<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Торғайлар мен автомобиль |
| | Ұжымдық сурет салу..<br>Қарапайым табиғат құбылыстарын, | «Үйрек»<br>Міндеттері: Қонаққа үйрек келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды | | Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Біртекті құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстарды бейнелеуге баулу **(сурет салу)** | үйрету. Үйрекке арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. Үйрекпен қоштасу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | | | құстарға арнап әр түрлі заттар құрастыру **(құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Бақылау.<br>Мақсаты: Балабақша ауласынада ауа райын бақылау. Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалау. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар | Бақылау.<br>Мақсаты: Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Ермексаздан үйрек жасап көрсетру, құмда таяқпен үйрек суретін салуды ұйымдастыру<br>**(мүсіндеу, сурет салу)**<br><br>«Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | | Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар<br>**(құрастыру)**<br><br>Еңбек.<br>Мақсаты:<br>Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Бақылау.<br>Мақсаты: Балабақша аумағын мекендейтін құстармен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. Қонаққа келген балапанды. тамақтандыру, су беру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Міндеттері: Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету.<br>**(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша балапанды ермексаздан жасау, үй құстарын | Міндеттері:Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту<br>**(Математика негіздері)**<br>«Үйшік»<br>Міндеттері: Құрастырмалы ойынышықтардан үйрекке үй құрастыру<br>**(Құрастыру)**<br>Фланелеграфта үйректі балапандарымен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау<br>**(Жапсыру)** | | «Ұсқынсыз үйрек» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау.<br>Кітаптарға қарап айту.<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау.<br>Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау<br>**(сурет салу, мүсіндеу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)** | | | | **жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айсұлтан,Ринаттан үй құстары туралы не білгісі келетінін сұрау | Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастыру.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>«Ұсқынсыз үйрек» ертегісін қайталап кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету.<br>**(көркем әдебиет)** | | Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Үй құстары қайда тіршілік ететінін зерттеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар<br><br>«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үй құстары туралы сұрауға кеңес беру. | Ұсқынсыз үйрек ертегісін айтып беруін сұрау | Әнші балапан әнін тыңдап, берге орындауға кеңес беру. | Қуыр қуыр қуырмашты үйде жасауға кеңес беру. | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тақырыбында әңгімелесу. |

**Әдіскер:** Нурдилдаева Ж.

**Тексерілді:**

**ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Қазан айы**

**І. Журу, жай жүру, қолды белге койып, аяқтың ұшымен жүру,**

**жүгіру, шеңбер болып тұру.**

**ІІ.Жан-жақты дамыту жаттығулар:**

1. **Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.**

**1-қолды алға созу, 2-бастапкы қалыпқа оралу. 4-5 рет кайталау.**

2. **Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық кол кеудеде**

**1- қолды жанына созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.**

3. **Бастапқы қалып : аяқтын арасы ашық, кол желкеде.**

**1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет қайталау.**

4. **Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол белде.**

**1- қолды жанға созу, 2- отыру, 3- бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет кайталау.**

5. **Бастапқы қалып: аяқты бірге,койып қос аяқтап қояндарша секіру.7-8 сек.**

**І. Еркін-тыныс алу жаттығулары.**

**ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Қоян мен қасқыр *(Тәрбиеші балалармен бірге)***

**Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.**

**Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р**

***(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)***

**Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.**

**Тышқандар мен мысық.**

***Балалар — тышқандар.***

**Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.**

**Шыбыққа қалпақ кигізу**

**Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.**

**Өз түсіңді тап.**

**Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: кызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)**

**Ақ доп, қызыл доп**

**Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.**

**Поезд**

**Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.**

**«Допты дәлдеп лақтыр»**

**Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Күміс алу»**

**Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Не жедің, тауып айт»**

**Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін аныктау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.**

**«Торғайлар мен автомобиль»**

**Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.**

**Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.**

**Құстардың ұшып келуі**

**Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.**

**Сақина жасыру**

**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.**

**Қуыр-қуыр қуырмаш.**

**Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:**

**-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.**

**1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.**

**Сен тұр қойыңа бар.**
**Сен тұр түйеңе бар**
**Сен тұр жылқыңа бар**
**Сен тұр сиырыңа бар**
**Сен кішкентай әлі жас екенсің**
**Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.**

**Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:**

**Қуыр-қуыр ,қуырмаш**
**Балапанға бидай шаш**
**Әжең келсе есік аш**
**Қасқыр келсе мықтап бас**

**Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:**

**Мына жерде қой бар**
**Мына жерде жылқы бар**
**Мына жерде жылқы бар**
**Мына жерде түлкі бар**

**- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды**

**Дидактикалық ойындар картотекасы**

**«Өзара айырмашылығын тап»**

**1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**

**2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.**

**Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.**

**Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**

**«Үйдің есігін жабайық»**

**Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.**

**Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.**

**Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.**

**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.**

**« Жұбын тап»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.**

**Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.**

**«Әдемі кілемшелер»**

**Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.**

**Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қараша айы 2023 жыл 1 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 30.10.2023 | Сейсенбі 31.10.2023 | Сәрсенбі 01.11.2023 | Бейсенбі 02.11.2023 | Жұма 03.11.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, карату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту жаттуғыларын жасату<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айтуын үйрету<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Шалқанның суретін салдырту. Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>**(Сурет салу)** | Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызу.<br>**(Математика негіздері)** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата білуге үйрету.<br>**(Құрастыру)** | Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту**<br>«Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру.<br>Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Балалардың зейінін әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен өзіме аударып, бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелген деп «Көңілді-күн» әнін айтқызу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Үйден алып келген кітаптарын қарау. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мумкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Жуан және жіңішке сөздер»**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады)<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап<br>жүру<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату.<br>*Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру<br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру | **Музыка**<br>**«Кітап»**<br>Міндеттері:<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*<br>допты заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>Көлбеу модуль бойымен еңбектеу;<br><br>Қимылды ойын:<br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>туннельарқылы еңбектеу<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*<br>Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br><br>Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | залда | |
| | Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. **(Математика негіздері)** | «Шалқан» Міндеттері: Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шалқанды мүсіндету **(Мүсіндеу)** Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. **(Жапсыру)** | Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту. **(Құрастыру)** | «Кітаптарға қызығушылықты ояту». Міндеттері: Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Үйректі ермексаздан жасату». Міндеттері: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(Мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Еңбек. Мақсаты: Аула тазалаушысымен сұхбат. Еңбек иелеріне | Балабақша ауласынан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, салыстыруды жасату. | Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға | Бақылау. Мақсаты:Ауа райын бақылату. Желдің бағытын анықтату. | Құстарды бақылату. Бақылау. Мақсаты:Аққу мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды дамыту.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Бормен жерде әртүрлі пішіндегі кітаптар, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар және заттарды таңдауы бойынша бейнелеуге баулу<br>**(Сурет салу)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Өз үйіңді жылдам тап»<br><br>Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар | **(Математика негіздері)**<br><br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Әр түрлі ғимараттар құрастыруды үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Қимылды, еркін ойындар**<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету. | қызығушылықты арттыру<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты:Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Көрген заттарының бейнесін ағашпен құмда немесе ауада салып көруді ұйымдастыру.<br>**(Сурет салу)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Күміс алу» | Желге қарсы және желдің бағытымен жүгіруді жасату.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балабақша ауласынан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруды үйрету<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Қ/о «Тырналар»<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйретуді жалғастыру | үйректің және басқа да құстардың ортақ белгілері туралы әңгімелесу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Ұлттық бұрышқа бару. Әдемі кілемдер мен көрпешелерге назар аудару. Мольбертте салып көруді ұсыну. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**(Сурет салу)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>«Кітап»<br>Міндеттері:<br>Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату<br>**(Мүсіндеу)** | «Шалқан»<br>Міндеттері: ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету.<br>**(Көркем әдебиет)** | Міндеттері:Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиhаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және | «Кілемшені сәндеу».<br>Міндеттері: Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. **(Жапсыру)** | Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар карауды дамыту. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. **(Жапсыру)**<br><br>Ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін бере отырып ермексаздан мүсіндету. **(Мүсіндеу)** | жапсыруды үйрету. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. **(Жапсыру)**<br><br>«Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау». Міндеттері: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бормен жер бетіне түрлі суреттерді бейнелеуге дағдыландыру. | Әсел,Аңсар,Еркеназдың құрастыруға қызығушылығын арттыру | Ұжымдық жұмыстарды бірлесе жасауға баулу | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Еркін табиғи қалдық материалдардан құрылымдар құрастырту. **(Құрастыру)**<br><br>Қ/о «Кім жылдам?» Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекетер жасауға үйрету | көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)**<br><br>Қ/о «Тырналар» | Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату | Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру | Далаға шығып сәлден соң қарңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. **(Математика негіздері)**<br><br>Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қараша айы 2023 жыл 2 апта</u>**

<table>
<tr><td>Күн тәртібінің кезеңдері</td><td>Дүйсенбі<br>06.11.2023</td><td>Сейсенбі<br>07.11.2023</td><td>Сәрсенбі<br>08.11.2023</td><td>Бейсенбі<br>09.11.2023</td><td>Жұма<br>10.11.2023</td></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td colspan="5">Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын,<br>Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.Балармен жеке жұмыс.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Міндеттері: Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру (сөйлеуді дамыту) Салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу. (Сурет салу)</td><td>«Кірқоймас» Міндеттері: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. «Кірқоймас» мультфилімін тамашалау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</td><td>«Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Міндеттері: Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</td><td>«Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады?» Міндеттері: Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</td><td>«Тазалық құралдары» Міндеттері: Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арқылы жеке жұмыстарды орындату. **(математика негіздері)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бала бала балақан» видео<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Тазалық денсаулық кепілі», «Тазалық деген не?», «Денсаулық деген не?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Есту және тыныс алу»**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту жатығуларын жасату. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру: тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>Бір-бірінен 10 сантиметр | **Музыка**<br>**«Тазалық»**<br>Міндеттері:<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету<br>Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру: тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>Бір-бірінен 10 сантиметр | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру:<br>тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* саты бойымен өрмелеу<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Өз түсіңді тап. | ықпал ету. | қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Ақ доп, қызыл доп<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу.<br>Спорт залда | орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд |
| | Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру<br>**(Құрастыру)** | Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыруды ұйымдастыру.<br>**(математика негіздері)** | Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту.<br>**(Жапсыру)** | Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту<br>**(Сурет салу)** | дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жұмыс жасату<br>**(Сурет салу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| | Бақылау.<br>Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғата маусымдық құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Тазалықтың досы**<br>Тақпағын жаттау.<br><br>Сылдырлайды мөлдір су,Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың.Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>**(көркем әдебиет)** | Бақылау.<br>Мақсаты: Аулада өсіп тұрған шырша мен басқа ағаштарға назар аударту. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қимылды ойын:<br>«Үйдің есігін жабайық» | Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атату - таңертең, күндіз, кеш, түн**.**<br>**(математика негіздері)**<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>Балабақшаға жақын маңдағы үй жануарларын тамашалату.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары | Бақылау.<br>Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін ағаштардың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін түсіндіру. Ағаштарға күтімді қалай жасау керектігі туралы әңгімелесу<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын:<br>«Поезд»<br><br>Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырту.<br>**(құрастыру)** | Табиғи материалдардан орманға барар жол жасауды үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br><br>«Спорт денсаулық кепілі» екенін түсіндіру. Спорттық ойындар ойнату.<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын:<br>«Сақина жасыру» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап»қимылды ойынын ойнату | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Міндеттері: Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салысытыру. «Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. **(математика негіздері)**<br><br>Сабынның мүсінін жасату. **(Мүсіндеу)**<br><br>Жуынатын бөлме суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, тарақты жапсыртуды пысықтау. **(Жапсыру)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу.<br>Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салдырту, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасату.<br>Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсырту.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету<br>**(Құрастыру)**<br><br>Тазалық құралдарының суретін салып, ермексаздан мүсінін жасату.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)** | «Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру». Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау.<br>Бөліп себеттерге салғызу.<br>«Артығын тап» дидактикалық ойыны.<br>Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті тапқызу.<br>**(математика негіздері)**<br><br>Қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен. жидектерді мүсіндету, жапсырту<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Бақылау.<br>Мақсаты: Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағыдысын жетілдіру.<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту | | Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жерге жүгіруді үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мумкіндік беру. Еркін ойындар<br>Қ/о:Қоян мен қасқыр | Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу.<br>**(құрастыру)**<br>Қ/о: Тырналар-тырналар | Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Қ/о: Тышқандар мен мысық | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру.<br>**(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Күміс алу» | Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау.<br>Қ/о: «Не жедің, тауып айт» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен тазалық туралы әңгімелесу.<br>Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

<u>**Қараша айы 2023 жыл 3 апта**</u>

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 13.11.2023** | **Сейсенбі 14.11.2023** | **Сәрсенбі 15.11.2023** | **Бейсенбі 16.11.2023** | **Жұма 17.11.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Ойыншықтар қайдан келеді?»<br>Міндеттері:<br>Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сылдырмақ** | «Көлік құралдары» ойыншықтарымен таныстыру.<br>Міндеттері:Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету.<br>«Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен | Міндеттері:Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату<br>Таңдаған ойыншығының **(суретін салу және жапсыру, мүсіндеу)** жұмыстарын орындату | Міндеттері:Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту **(сурет салу, мүсіндеу).** | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.<br>Міндеттері: Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру.<br>Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету.<br>Өздеріне ән немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өзінше бір жыр жырлап,<br>Отыр інім былдырлап.<br>Әрі ойыншық, әрі аспап<br>Қолында бар сылдырмақ.<br>*К. Ыбрайұлы*<br>Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **(көркем әдебиет)** | жұмыс жасату<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | ертегі құрастыруына ықпал ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>**(көркем әдебиет)**<br>«ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Туыстық қатынас»** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы | **Музыка**<br>**«Ойыншық»** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br><br>Қимылды ойын:<br>Құстардың ұшып келуі | Міндеттері:<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>тура жолмен қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, іліністұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br>Қимылды ойын:<br>Күміс алу<br>Спорттық жаттығулар:<br>Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br><br>Қимылды ойын:<br>Құстардың ұшып келуі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттері:Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу дағдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. **(құрастыру)**<br><br>Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту **(сурет салу)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. **(сөйлеуді дамыту)** | «Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету **(сөйлеуді дамыту)** | **Сылдырмақ**<br>Өзінше бір жыр жырлап,<br>Отыр інім былдырлап.<br>Әрі ойыншық, әрі аспап<br>Қолында бар сылдырмақ.<br>*К. Ыбрайұлы*<br>Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **(көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Бақылау.<br>Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды тұсінуін жетілдіру.**(қоршаған ортамен таныстыру)** | Еңбек.<br>Мақсаты:Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Құрастыру материалдарынан | Бақылау.<br>Мақсаты: Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) **(қоршаған ортамен таныстыру)** | Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика** | Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру. Бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br>Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар<br><br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» | көлік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**<br><br>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер<br><br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» | Еркін ойындар.<br><br>Табиғи материалдардан қора жасату.<br>**(құрастыру)**<br><br>Қ/О «Поезд» | **негіздері)**<br>Еркін ойындар<br>Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету.<br>**(жапсыру)**<br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» | құрастыруды үйрету.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар<br><br>Қ/О «Поезд» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысын менгеру ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**<br><br>Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Дидактикалық ойын «Артық пішінді тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер | «Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Көліктерді сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** | Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)** | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру | Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. | | | Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүруді Айбибіге,Әсияға үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Фланелерафқа жасырылған ойыншықтарды тауып жапсырту **(жапсыру)**<br>Қ/о «Ақ доп, қызыл доп»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/О «Поезд»<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | Бігінгі ауарайына байланысты көңіл күлері жайлы әңгімелесу<br>Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баласының көліктер туралы не білетінін сұрау.<br>Көліктер бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қараша айы 2023 жыл 4 апта</u>**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 20.11.2023** | **Сейсенбі 21.11.2023** | **Сәрсенбі 22.11.2023** | **Бейсенбі 23.11.2023** | **Жұма 24.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Қыс мезгілі»<br>Міндеттері: Кітаптар орталығында қыс мезгілі бейнелеген кітаптарды көрсету. Қыс мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Ауылға саяхат»<br>Міндеттері: саяхатқа баруды ұсыну. Балабақшаның ішінде үлкен көлемді жануарларды тамашалау. Олардың қысқы өмірі туралы сұрау. Олар дала да тұрады, жаурайды ма, жаурамай ма? Олар тоңып қалмас үшін не істейміз деп әңгімеге тарту<br>« Қошақаным» әнін айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | «Құс қанат» оюын таныстыру,<br>Міндеттері: қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту.<br>**(сурет салу)**<br><br>Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу<br>**(құрастыру)** | «Қай ертегіден»<br>Міндеттері: дидактикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде қыс бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету.<br>**(көркем әдебиет)** | «Көлік»<br>Міндеттері: Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар. Олар қалай қысқа дайындалады. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Алда қандай мезгіл келе жатыр? Қысқа дайындықты адамдар, жануарлар, құстар, көліктер қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Мен кіммін?»**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Сақина жасыру | **Музыка**<br>**«Ойыншық»**<br>Міндеттері:<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br>*Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Ақ доп, қызыл доп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу<br>Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда | |
| | «Қар ұлпалары»<br>Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату. Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. **(мүсіндеу, жапсыру)** | «Жеті лақ» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету, әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)** | «Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қымылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Міндеттері: Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санату **(математика негіздері)**<br><br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | «Дөңгелек»<br>Міндеттері: Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, **(математика негіздері және мүсіндеу)**<br><br>Көліктерге арнап гараж құрастырғызу **(құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балабақша ауласынада ауа райын бақылату. Бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалату. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Ұжымдық сурет салдырту. Қарапайым табиғат құбылыстарын таяқпен жерде салғызу **(сурет салу)** Еркін ойындар | Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Құмда таяқпен төрт түліктің ерекше белгілерінің суретін салуды ұйымдастыру. Ермексаздан жануарлардың ерекшелігімен (мүйізі, тісі, құйрығы) жасауды жетілдіру. **(мүсіндеу, сурет салу)**<br><br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | Бақылау. Мақсаты: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар мен құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Құстардың қысқа қалай дайындалатынын бақылату. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Фланелеграфқа торғайларды жапсырту **(Жапсыру)** | Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар **(құрастыру)**<br><br>Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Бақылау. Мақсаты: Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халықтарының ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. **(математика негіздері)**<br><br>Табиғи | Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту **(Математика негіздері)** Құрастырмалы ойынышықтардан төрт түлікке қора құрастырту **(Құрастыру)** Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол | Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші) **(Математика негіздері)**<br><br>«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. **(Мүсіндеу)** | «Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. **(құрастыру)** | жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)** | | | **жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Диана,Әсел,Дараға естіген ертегілерін түсінгені туралы айтуды үйрету | | Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеуді үйрету | Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Торғайдыі дыбыстарын салдырту. Кітаптан ертегі қарату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қараша айы 2023 жыл 5 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 27.11.2023 | Сейсенбі 28.11.2023 | Сәрсенбі 29.11.2023 | Бейсенбі 30.12.2023 | Жұма 01.12.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Қала» Міндеттері: Кітаптар орталығында үйлер бейнелеген кітаптарды көрсету. Қала туралы не білетінін анықтау. Қала туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша | «Саябақтың суретін салдырту». Міндеттері: Ермексаздан ағаштар жасап, барлығын бір жерге жинап саябақ жасату. Дүкендегі ойын құралдарын құрастыруды жасату. **(мүсіндеу, сурет салу,құрастыру)** | «Субұрқақтар» туралы не білетіндерін сұрау. Міндеттері: Сурет бойынша әңгімелеуді жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту)** | Дидкатикалық ойын «Бұл қай жер» суреттерді көрсетіп қай жер екенін(саябақ, дүкен, сауда орталығы, емхана) тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет)** | «Менің қалам» Міндеттері: тақырыбында отбасы мүшелерімен салып келген суреттерін танысытыру, әңгімелету. **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | Су бұрқақақты қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. **(сурет салу)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Балабақша есігін<br>Үшке тола ашқанбыз.<br>Балапандай өсіріп,<br>Мәпелейді бақшамыз.<br>«Менің қалам» тақырыбында әңгімелесу. Саябақ, ойын сауық орталықтарымен, жергілікті жердің әдемі суреттерін көрсету.<br>Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ъыфв Цщщ** | **Қазақ тілі**<br>**«Мен кіммін?»**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру: заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>Бір-бірінен 10 | **Музыка**<br>**«Менің қалам»**<br>Міндеттері:<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге,<br>үйрету.<br>Музыкалық аспапты ырғақпен қағып | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br><br>*Жүру.*<br>Тапсырмаларды орындай отырып жүру:<br>заттарды айналып жүру | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: заттарды айналып жүру<br>*Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату<br><br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру | ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br><br>Қимылды ойын:<br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>Спорт залда | көрсетілген жерге жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br><br>Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу |
| | Ұжымдық сурет салу.Бастыру әдісімен плакатқа үйлер салып, қаланы бейнелеуге баулу<br>**(сурет салу)** | Үйден қаланың саябақтарында түскен фоталарын алып келтірту. Суреттерді тамашалап, естеліктерін бір біріне айтып беруін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | Құрастыру материалдарынан су бұрқақты құрастырып жасату **(құрастыру)** | Суреттегі ғимараттарды салыстыру, санату<br>**(математика негіздері)**<br><br>Балалардың таңдаған суреттері негізінде | Салған суреттеріндегі бейнелерді үлкен кіші екенін салыстыру<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **көркем әдебиет)** **(музыка)** | | шығармашылық жұмыстарын орындату. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кийм шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таза ауада жүріп күз бен қыстың айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беруді қалыптастыру. Ауа райын бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар | Балабақша қаланың бөлігіне жата ма? Оны қалай білуге болады? Балалардың ойларын тыңдау. Басқа балабақшаға барып көрді ме? **(қоршаған ортамен танысу)** Серуенге алып шыққан кітаптан ертегі оқып беру, суреттерін көрсету. **(көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | Балалар тұратын қала мен ауыл атауын атап тануын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының астанасы туралы білімдерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеттері | Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату **(құрастыру)** Еңбек. Мақсаты: Аула тазалаушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері | Балабақшаның дәліздеріне көрме жасап салып келген суреттерін іліп қою. Басқа топтың балаларын тамашалауға шақырып өздері салған суреттерін таныстыруды ұйымдастыру **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар Құрылыс материалдарымен еркін тақырыпта құрылымдарды жасату **(құрастыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | .Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ермексаздың түсін таңдап үй жасату, үйлерді, ағаштарды жолдарды фланелеграфта жапсырту. **(мүсіндеу,** | Өздері жасаған ағаштарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту **(Математика негіздері)** | Топтағы ойыншықтарды үлкені кіші екенін анықтап салыстыруды пысықтау. **(Математика негіздері)**<br><br>Су бұрқақтың мүсін жасау, суды қағаздардан қиып ап жапсырту. **(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Ойыншықтарды пайдаланып, ойдан ертегі шығарып, бір біріне айтып беруін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарату. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасату. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсырту **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жапсыру)**<br><br>Ірі құрылыс материалдардан үй құрастырту.<br>**(құрастыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. | | | Велосипед тебуді үйрету | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауын дамыту.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Көңілді ән қосып, дене қыздыратын би билету **(музыка)** | Кітаптан ертегі қарату.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | Желді, құстарды бақылату.<br>Өзгешеліктерді байқату. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар<br><br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әрекеттері |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Қаланың көрікті жерлеріне серуенге шығуды ұсыну.<br>Апта бойы жасаған іс әрекеттер бойынша ақпарат беру. | | | | |

**Әдіскер: Нурдилдаева**

**Ж.**

**Тексерілді:**

**ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Қараша айы (ленталармен)**

**І.Жүру, колды алға созып жүру, қояды белге қойып, аяқтың ұшымен**

**жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып түру.**

**ІІ. Жан-жақты дамыту жаттығулар:**

1. **Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол төменде,**

**1-қолды алға созу, 2-қолды айқастыру, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.**

2. **Бастапкы қалып; аяқтың арасы ашық  қол төменде.**

**1-қолды жоғары көтеріп, 2-оңға қарай сермеу,**

**3- солға қарай сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.**

3. **Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.**

**1-отыру, 2-орнынан тұрып, қолды жоғары көтеру, 3-бастапқы  қалыпқа оралу.4-5 рет кайталау.**

4. **Аяқты алмастырып секіру.7-8 сек.**

**ІІІ. Еркін тыныс алу жаттығулары.**

**ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Қоян мен қасқыр** ***(Тәрбиеші балалармен бірге)***

**Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.**

**Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р**

***(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)***

**Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.**

**Тышқандар мен мысық.**

***Балалар — тышқандар.***

**Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.**

**Шыбыққа қалпақ кигізу**

**Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.**

**Өз түсіңді тап.**

**Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: кызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)**

**Ақ доп, қызыл доп**

**Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші**

**болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.**

**Поезд**

**Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.**

**«Допты дәлдеп лақтыр»**

**Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Күміс алу»**

**Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Не жедің, тауып айт»**

**Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.**

**«Торғайлар мен автомобиль»**

**Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.**

**Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.**

**Құстардың ұшып келуі**

**Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.**

**Сақина жасыру**

**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.**

**Қуыр-қуыр қуырмаш.**

**Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:**
**-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.**

**1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.**

**Сен тұр қойыңа бар.**
**Сен тұр түйеңе бар**
**Сен тұр жылқыңа бар**
**Сен тұр сиырыңа бар**
**Сен кішкентай әлі жас екенсің**
**Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.**
**Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:**
**Қуыр-қуыр ,қуырмаш**
**Балапанға бидай шаш**
**Әжең келсе есік аш**
**Қасқыр келсе мықтап бас**
**Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:**
**Мына жерде қой бар**
**Мына жерде жылқы бар**
**Мына жерде жылқы бар**

**Мына жерде түлкі бар**

**- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды**

**Дидактикалық ойындар картотекасы**

**«Өзара айырмашылығын тап»**

**1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**

**2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.**

**Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.**

**Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**

**«Үйдің есігін жабайық»**

**Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.**

**Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.**

**Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.**

**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.**

**« Жұбын тап»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.**

**Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.**

**«Әдемі кілемшелер»**

**Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.**

**Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.**

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Желтоқсан айы 2023жыл 1 апта**

<table>
<tr><th>Күн тәртібінің кезеңдері</th><th>Дүйсенбі<br>04.12.2023</th><th>Сейсенбі<br>05.12.2023</th><th>Сәрсенбі<br>06.12.2023</th><th>Бейсенбі<br>07.12.2023</th><th>Жұма<br>08.12.2023</th></tr>
| **Серуен** | Балабақша ауласынада ауа райын бақылату. Қардың түйіршігін қағазбен ұстап, лупа | Шыршаның түбіндегі сыйлық қораптарының айырмашылықтары мен атауларын, олардың | Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен | Таза ауада құрастыру ойындары, қардан әр түрлі заттар құрастыру. Шырша | Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы пішінін көруіне жағдай жасау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Тышқандар мен мысық.»<br><br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. | көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Шырша ойыншықтырының сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Өз түсіңді тап»<br><br>Қарда шеңбер болып жүріп іздерімен шеңберлер салу.<br>**(сурет салу)**<br><br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | таныстыру. Ұшып бара жатқан ұшақ пен құстың ұқсастығы туралы әңгімелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Допты дәлдеп лақтыр» | ойыншығын жасату.<br>**(құрастыру)**<br><br>Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беруін ұйымдастыру Кішкентай шелектерге қарды салып тасыту.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Торғайлар мен автомобиль» | сезіну, айта білуін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Қуыр-қуыр қуырмаш» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қыс мезгілі туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Ұжымдық сурет салдырту.<br>Әр түрлі пішіндегі қар түйіршіктерін салу<br>(сурет салу)<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту.<br>(құрастыру)</td><td>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: (үстінде-астында) меңгерту<br>(Математика негіздері)<br><br>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.</td><td>Шыршаға ойыншықтар жапсыруды ұйымдастырып. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүрту үшін майлықты қолдануды үйрету.<br>(Жапсыру)<br>Міндеттері: Шырша ойыншықтарын сол</td><td>«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. (сөйлеуді дамыту)<br><br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату.<br>(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</td><td>Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту(үлкен, кіші) **(Математика негіздері)**<br><br>«Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Диана,Айсұлтан,Зерені сұрақтарға жауап беруді дағдыландыру | Өз дене мүшелерін бағдарлауға үйрету | Әмре.Әбдіғаний көлік құралдары туралы түсінікке ие болуын қадағалау | Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету Зере,Дианаға | қызғылт,сары түсті ермексазбен алма ,банан,мандарин жасауды үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл | Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. | Кітаптан ертегі қарату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. **(математика негіздері)** Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер | Балалардың дербес әрекеттері | Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар | жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері | Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. Апта бой атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат беру. | | | | |

**Әдіскер: Нурдилдаева Ж.**

**Тексерілді:**

**ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Желтоқсан айы**

**I. Жүру, жанымен жүру, жүгіру, әр-түрлі бағытта жүгіру, журу, шеңбер жасап тұру.**

**II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:**

**Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.**

**1- қолды алға созу, 2-жанына қою, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.**

**2. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол белде.**

**1-оңға иілу, 2-бастапкы қалып, 3-солға иілу, 4-бастапқы қалып. 4-5 рет қайталау.**

**3. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол иықта.**

**1-қолды жанына созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет кайталау.**

**4. Бастапқы қалып: отырып, қолды төмен ұстау.**

**1-аяқтың арасын ашып, қол шапалақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайтаяау,**

**5. Қояндарша секіру. 7-8 сек.**

**ІІІ.Еркін тыныс алу жаттығулары.**

**ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ**

**Қоян мен қасқыр *(Тәрбиеші балалармен бірге)***

**Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.**

**Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р**

***(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)***

**Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.**

**Тышқандар мен мысық.**

***Балалар — тышқандар.***

**Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет**

**қайталанады.**

**Шыбыққа қалпақ кигізу**

**Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.**

**Өз түсіңді тап.**

**Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: кызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)**

**Ақ доп, қызыл доп**

**Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.**

**Поезд**

**Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.**

**«Допты дәлдеп лақтыр»**

**Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Күміс алу»**

**Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.**

**«Не жедің, тауып айт»**

**Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.**

**«Торғайлар мен автомобиль»**

**Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.**

**Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.**

**Құстардың ұшып келуі**

**Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.**

**Сақина жасыру**

**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.**

**Қуыр-қуыр қуырмаш.**

**Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:**

**-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді**

**жақсы білуі керек.**

**1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.**

**Сен тұр қойыңа бар.**
**Сен тұр түйеңе бар**
**Сен тұр жылқыңа бар**
**Сен тұр сиырыңа бар**
**Сен кішкентай әлі жас екенсің**
**Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.**
**Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:**
**Қуыр-қуыр ,қуырмаш**
**Балапанға бидай шаш**
**Әжең келсе есік аш**
**Қасқыр келсе мықтап бас**
**Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:**
**Мына жерде қой бар**
**Мына жерде жылқы бар**
**Мына жерде жылқы бар**
**Мына жерде түлкі бар**
**- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды**

**Дидактикалық ойындар картотекасы**

**«Өзара айырмашылығын тап»**

**1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**
**2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.**
**Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.**
**Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.**

**«Үйдің есігін жабайық»**

**Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.**

**Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.**

**Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.**

**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.**

**« Жұбын тап»**

**Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.**

**Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.**

**Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.**

**«Әдемі кілемшелер»**

**Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.**

**Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.**

**Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.**

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қаңтар айы 2024 жыл 1 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 01.01.2024 | Сейсенбі 02.01.2024 | Сәрсенбі 03.01.2024 | Бейсенбі 04.01.2024 | Жұма 05.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойындармен ойнауы туралы кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зиятткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) куыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, карату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | | | Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. | «Үйде» Міндеттері:Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету. Олардың баланы | «Өсімдіктер және жануарлар» Міндеттері:Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үйде қалай атайтынын. Жаңа жылдық дастарханда қалай жайғасатыны жайлы айту. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **(Мүсіндеу)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Терезеге қарап ауа райын бақылау.<br>«Қыс мезгілі туралы не біледі?» «Қыста қандай мерекелер болады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі** | **Дене шынықтыру** | **Музыка «Қыс»**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету | бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру,<br><br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау. | бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға карайжылжып<br>, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру |
| | | | «Ғажайып қоржын»<br>Міндеттері: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ғажайып қоржынға қолдарын | «Үйшік»<br>Міндеттері:Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>**(Құрастыру)** | «Ойыншығым»<br>Міндеттері:Қалаған ойыншықтарын алу. Сол ойыншықты әр жерге қояды, досы қай жерде қалай тұрғанын тауып айтады Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салып, ішінен бір зат алу, оны атау, санау, топтастыру. Бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру **(Қазақ тілі, математика негіздері)** | | зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету;<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | «Үй жануарлары мен олардың төлдері» Міндеттері: Балабақша ауласында бейнеленген немесе мүсін жануарларды көрсету. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. | Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру Балабақша ауласындағы ережелермен танысуды пысықтау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қ/о «Тырналар» Қимыл түрлерін | Бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Аяқ киімдерінің іздерін бақылау. Өз іздерінен жол салу.<br>**(Сурет салу)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Күміс алу»<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. | өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. | Қарда алақандарын бастырып салыстыру. Кімнің қолғабының ізі қандай.<br>**(Сурет салу)**<br><br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>Далада бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**(Математика негіздері)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | Жаңа жыл мерекесі қалай өткенін сұрау. Қандай сыйлықтар алды, отшашуды көрді ме сұрау? Өзара әңгемелесу дағдысын қалыптастыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша жаңа жылда алған сыйлықтарының | Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі.<br>Міндеттері: Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу.<br>**(сурет салу, жапсыру)**<br><br>Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік- | Қар ұлпаларын жаспыру. Міндеттері: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.<br>**(Жапсыру)**<br><br>Құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мүсінін жасау. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>Екінші топта сыйлықтардың суретін бояу.<br>**(мүсіндеу, сурет салу)** | аласа, артық-кем) салыстыруды үйрету **(Математика негіздері)** | құралдарынан қар пішінін құрастыру. **(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дидактикалық ойындар арқылы өз қалауларын айта білу дағдысын қалыптастыру | Құрастыру бағытындағы суреттерді қарастыруға ынталандыру Нұрару,Ерсұлтанға | Ән айтуды үйретуде қимылмен жаттауға дағдыландыру | Қимылдық іскерліктерін жақсарту ,жаттығу жасауға қызығушылығын артыру. | Мазмұнды,көрнекі суреттерімен таныстыру. Жұмбақ жасыру барысында шешуін суреттен көрсете білу |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.<br><br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | | Қ/о «Поезд»<br><br>Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту. **(Құрастыру)** | Қ/о «Кім жылдам?» Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** | Далаға шығып сәлден соң қарңғы болатынын айту.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. **(Математика негіздері)**<br>Қ/о «Тырналар» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қаңтар айы 2024 жыл 2 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 08.01.2024 | Сейсенбі 09.01.2024 | Сәрсенбі 10.01.2024 | Бейсенбі 11.01.2024 | Жұма 12.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сипаттау дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарауҗәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.**Балармен жеке жұмыс.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ұлттық тағамдар» Міндеттері: Кітаптардан ұлттық тағамдардың суреттерін көрсету. Танып атай білулерін қалыптастыру. Соның ішінен қайсысын жеп көргенін сұрау. Әже қонаққа келеді. Өзімен құрт, май, бауырсақ, жент алып келеді. Балалар дәмін көріп атын атауды үйренеді. **(көркем әдебиет)** | «Геометриялық фигура» Міндеттері:Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. **(математика негіздері)** | «Сәйкесін тап» Міндеттері:Ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаздарға арналған қораптар қойып қою. Топтан осы қораптарға сәйкес келетін заттарды жинау. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Топтағы ойыншықтар» Міндеттері:Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету **(математика негіздері)** | «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсіру. Міндеттері:Бауырсақ туралы не білетіндерін сұрау. Орталықтарға бөлініп бауырсақтың суретін салу, ермеказдан жасау. **(көркем әдебиет, мүсіндеу, сурет салу)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Қандай тағам жегенді ұнататынын сұрау?», «Мен аспазбын»тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Достармен ойын»**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>еденге қойылған тақтай бойымен<br>(биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта* | **Музыка**<br>**«Бауырсақ»**<br>әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету.<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*<br>Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>Заттардың арасымен еңбектеу, арқанның,доғаның астымен | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br><br>Қимылды ойын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *сапқа тұру.*<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд | | (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау. | Құстардың ұшып келуі |
| | «Ұлттық тағамдар»<br>Міндеттері:Балалар екі орталыққа бөлінеді. Бірі әжемен құрт жасаса, екінші орталықта тәрбиешімен жайылған қамырдан домалақ пішінді бауырсақтар ойып алады.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>«Үстел»<br>Міндеттері:Құрылыс домалақ дастарханға арналған үстел құрастыру<br>**(Құрастыру)** | «Ойыншық»<br>Міндеттері:Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Түстерді көрсету, балалар сол түске сәйкес келетін ойыншықты тауып атау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Жайма»<br>Міндеттері: Ақ қағаздарды жыртып, табаққа салып қамыр (жайма) жасау, сары түсті қағаздардан бауырсақ жасау.<br>**(Жапсыру)** | «Ертегілер елінде»<br>Міндеттері:Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Топ ішіндегі заттарға қарап салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Бақылау.<br>Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғата маусымдық құбылыстарын бақылату. Құстарға жем беру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап»қимылды ойынын ойнату | Серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»<br><br>Қарда іздерден жол салу, ағаштардың қарын түсіру. | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында.<br>**(математика негіздері)**<br><br>Қыстағы ағаштардың бейнесі туралы ақпарат беріп бақылау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау.<br>Шанамен бір-бірін | Ұлттық тағамдардың түрлерімен таныстыруды пысықтау, тамақтану ережелерін қайталау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Қардан қарапайым құрылыстар құрастырту.<br>**(құрастыру)** | **Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау.<br>Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып беру. Міндеттері: Шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. Жеке карточкалармен **(математика негіздері)**<br><br>Міндеттері:Ұжымдық мүсіндеу, аюдың дене бөліктерін жасап, біріктіру. **(Мүсіндеу)**<br><br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Аюды жапсыру. **(Жапсыру)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Міндеттері:Қалауы бойынша тағамдардың суреттерін бояту, қамырды пайдаланып күлешелерді пішінді қалыптарға салып жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі тағамдарды ыдыстарына сәйкестендігіп жапсырту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(Құрастыру)**<br><br>Ермексаздан балалардың қалауы бойынша тағамдардың мүсінін жасату. Тағамдардың суретін бояу. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Міндеттері:Дастархан жасаймыз,балалар ермексаздан қағаздан әр түрлі тағамдар қояды. Қуыршақтарды қонаққа шақырып, күтеді. **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Фланелеграфта еркін ойындар, құрастыру құралдарымен әртүрлі құрылымдар құрастыру. **(құрастыру, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ұжымдық мүсідеуге жағдай жасап,дағдыландыру. | Раяна мен Әсияға қалауы бойынша суретті бояту | Ермексаздан балалардың қалауы бойынша тағамдардың мүсінін | Әбдіғаний,Раяныны бірлесе отырып тәтті күлшелерді ермексаздан жасауға | Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету Әмірені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жасату. | дағдыландыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар<br>Қ/о:Қоян мен қасқыр | Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу.<br>**(құрастыру)**<br>Қ/о: Тырналар-тырналар | Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Қ/о: Тышқандар мен мысық | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру.<br>**(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Күміс алу» | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру.<br>**(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Кім жылдам» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен жақсы көретін тағамдары туралы әңгімелесу.<br>Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | | | | |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қаңтар айы 2024 жыл 3 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 15.01.2024 | Сейсенбі 16.01.2024 | Сәрсенбі 17.01.2024 | Бейсенбі 18.01.2024 | Жұма 19.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап».<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне ( қамқор, сезімтал және іскер) аудару.<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балармен жеке жұмыс.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру | | | | |
| | «Әнші балапан»<br>Міндеттері:<br>Әнші балапан әнін теледидарға қарап айту.<br>**(музыка)** | «Медбике»<br>Міндеттері:<br>Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің мамандығында пайдаланатын құралдарды | Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату | «Жүргізуші»<br>Міндеттері:<br>Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім жүргізеді. Автобустарды ше? Жүргізуші деген кім? сендердің ата | Таңдап алған ойыншықтардың бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, математика** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен таныстырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? **(сөйлеуді дамыту)** | **негіздері)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)** «Қандай мамандық иелерін таниды?», «Ата аналары қандай мамандық иесі» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Көңіл күйім»**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға карайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br><br>Қимылды ойын:<br>«Допты дәлдеп лақтыр» | **Музыка**<br>**«Аққала»**<br>Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру.<br>Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру<br><br>Қимылды ойын:<br>Құстардың ұшып келуі<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға карайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру<br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру |
| | «Әнші биші күйші»<br>Міндеттері:<br>ші-ші-ші Ағам | «Дәрігер»<br>Міндеттері:<br>Балалардың қалауы | «Аспаз»<br>Міндеттері:<br>Қалпағы ақ қарасаң, | «Жүргізуші»<br>Міндеттері:<br>Жүргізушінің құралы | «Мамандық иесі»<br>Міндеттері:<br>Ілініп тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | менің – әнші<br>Әпкем менің – биші<br>Көкем менің – күйші<br>Тіл ұстарту жаттығуын жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы танысытыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту **(сөйлеуді дамыту)** | бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | Дәрігер емес ,бірақ та,<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып<br>тұрады ол.<br>(Аспаз)<br>Топқа аспаз апай қонаққа келеді. Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып қамырдан күлшелер жасау керектігін түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып салады **(мүсіндеу, сөйлеуді** | көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек салып аяқтап, бояу.<br>Ермексаздан машинаның рөлін жасау. **(сурет салу, мүсіндеу).** | суреттерге қарап қандай мамандық иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды сәйкестіріп қасына қою. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **дамыту, музыка)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Бақылау.<br>Мақсаты: Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. Оларға әнші балапан әнін айтып беру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қимылды ойын «Кім жылдам»<br><br>Қардан жұлдызқұрт жасау.<br>**(құрастыру)** | Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыру.<br>**(құрастыру)**<br><br>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер<br><br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»<br>Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету | Бақылау.<br>Мақсаты: Ауладағы ауа райын бақылап, сипаттай білу. Құстарға жем беру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар.<br><br>Қ/О «Поезд»<br><br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**(Математика негіздері)** | Бақылау.<br>Мақсаты: Көліктердің іздерін қарау. көлік жүргіземіз деп рөл ұстағандай болып жүріп, дауыстарын келтіру. Тұраққа келеміз, жол жүреміз тапсырмаларын орындау. Оңға солға бұрылғанда кеңістікті бағдарлау дағдыларын пысықтау. (**қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br>Еркін ойындар<br><br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» | Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыру.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар<br><br>Қ/О «Поезд» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысын меңгеру ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Әнші, биші, күйші<br>Міндеттері: суреттерін қарау, олардың құралдарымен ойындар ойнап, олар туралы ертегі ойлап айту.<br>Суреттер бояу, ермексаздан микрофон жасау, қағаз бетіне әр өнер иесіне тиесілі аспаптарын жапсыру.<br>**(көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу,** | **Менің мамам дәрігер**<br>Ә. Мұсаханов<br>Тіс ауырса, іш ауырса<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық ана, барлық бала,<br>Оны жақсы көреді.<br>Міндеттері:Тақпағын таныту. Ауырып жатқан адамға жанашырлық танытуға тәрбиелеу | «Жеті лақ»<br>Міндеттері:ертегісін естеріне түсіріп кітаптан суреттерін көрсетіп оқып беру.<br>Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Қызыл, сары, жасыл, | Міндеттері:Қағаз бетіне дайын көлікті желім жағып жапсырту<br>**(жапсыру)**<br><br>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату<br>**(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды жетілдіру. | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Міндеттері:Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>Фланелеграфта сүйікті мамандық иесінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жапсыру)** | **(көркем әдебиет)**<br><br>Міндеттері:Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**(Математика негіздері)** | көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Шыққан түске сәйкес келетін шарларды салу.<br>**(сурет салу)**<br>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>**(құрастыру)** | **(құрастыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер | құралдарын таңдап жапсыру. Ойыншықтарының суретін бояу. Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету<br>**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тақырыптық тапсырмаларға байланысты ойындарды әрдайым қолдану | Бір затты топтан бөлу және топтарға біріктіруді үйретуді жалғастыру Несібеліге | Нұрисламға берілген тапсырманы зейін қойып тыңдай білуге бағыттау | Саусақ қол моторикасын жетілдіруге бағытталған жаттығу түрлерін орындату | Раянаға балабақша туралы әңгімелеу,сұрақтарға жауап бергізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Поезд»<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар | Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу<br>Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау<br>**(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау.<br>Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну | | | | |

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қаңтар айы 2024 жыл 4 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 22.01.2024 | Сейсенбі 23.01.2024 | Сәрсенбі 24.01.2024 | Бейсенбі 25.01.2024 | Жұма 26.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-куймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Жаңа жылдық ертеңгіліктегі қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», «Шыршаны сәнде»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау,<br>Құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту.<br>**Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Машина, автобус» Міндеттері: Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте не бейнелеген. Балалар бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау. Өткен аптада жүргізушімен | Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау, **(Математика негіздері)** | Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу. **(Жапсыру)** | «Жүк көлігі» Міндеттері:Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер ажырата білуге, атауға жәнеқолдануға үйрету Құрастыру материалдарынан жүк көлігін құрастыру **(құрастыру)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | **мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық.<br>«Көліктер» туралы не білетіндерін сұрау. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Қазақ тілі**<br>**«Көңіл күйім»**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер | **Музыка**<br>**«Көліктер»**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Секіру.*<br>заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br><br>Қимылды ойын:<br>Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р | | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)<br><br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау. | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br><br>Қимылды ойын:<br>Поезд |
| | Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу<br>**(сурет салу)** | **Ұшқыш**<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік мен болам.<br>Міндеттері:Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады. Ұшақтың қандай түрлері болады? | «Тасша бала»<br>Міндеттері:Қонаққа есікті тақылдатып тасша бала келеді. Балалармен сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат | «Камаз»<br>Міндеттері:Камаздың гүрілдеген дауысы естіледі. Балалар бұл ненің дауысы екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін қарау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасу.<br>**(көркем әдебиет,** | «Автобус»<br>Міндеттері:Бала ларға автобус макетін көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызу.<br>Балалардан артыңда, алдыңда, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау.<br>Сендер ұшақта ұшып көрдіңдер ме? Қима суреттерді құрастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны суға жүздіртіп көрейік деп арнайы ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң тасша бала үйіне қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | **математика негіздері)** | жүрді деп балаларға алға қараңдар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді.Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға қараймыз біздің оң жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидақтикалық ойынын ұйымдастыру**.** Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобусқа мініп топқа оралады.<br>**(көркем әдебиет,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Автобусқа мініп аулаға шығайық. Балабақша ауласынада ауа райын бақылату. Көшедегі көлік пен автобустардың дыбыстарын тыңдау, олардың шығаратын дыбыстарында айырмашалық бола ма анықтау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Тышқандар мен мысық.»<br><br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. | Бақылау.<br>Мақсаты: Далаға шығып ұшақтар аспанда бар ма, қарау. Ұшақты адамдар құстарға қарап жасағанын түсіндіру. Ұшақтар болып ұшу. Ол қалай ұшады, қалай қонады көрсету, бірге жасату.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Өз түсіңді тап»<br><br>Қар түйіршіктерін нысанға лақтыру | Бақылау.<br>Мақсаты: Қандай көлік құралдарымен танысқандарын естеріне түсіру. Ауа райын бақылап, сипаттауды пысықтау<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Допты дәлдеп лақтыр» | Еңбек.<br>Мақсаты: Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беру. Жүк көліктеріне қарды салып тасу.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Торғайлар мен автомобиль» | Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Қуыр-қуыр қуырмаш» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

<table>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі  ас алдында гигеналық шараларды  орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,  қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу,  дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,  ұқыпты тамақтану ,  сөйлеспеу,   алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру (көркем әрекет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау  жаттығуларын жасату.  Ригалық әдіс  бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық  дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>«Машина дөңгелегі» Міндеттері:Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексаздан жасату.Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру.<br>(мүсіндеу, жапсыру)<br><br>«Машина, автобус» Міндеттері:Құрастыру</td><td>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.<br><br>Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып толықтырып бояу, ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегіміен) қаағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру.</td><td>Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру  (үлкен, кіші)(Математика негіздері)</td><td>Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Міндеттері: Баяғы заманда жүк көліктері болмаған кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. суретін көрсету. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. (көркем әдебиет)<br><br>Балалардың таңдауы</td><td>Көліктерді құрастыру. Міндеттері:Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: ушбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>(құрастыру)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарымен еркін ойын, машина, автобус құрастырту. **(құрастыру)** | | | бойынша шығармашылық жұмыстарды жасату. Міндеттері:Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу. Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру. Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған дөңгелектер жасау. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өлеңдерді жаттауда мнемокестені және жаттатылған өлеңдерге орай мазмұнды суреттер көрсету | Қысқа тақпақтарды қайталатуда дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету | Музыкаға бала қызығушылығын оятуда жануарлардың қимылқозғалысын әуенмен келтіріп орындауды үйрету | Нұрислам мен Несібелінің өз еркімен сурет салғызуға талпындыру арқылы бала қабілетін байқау | Раянаға жаттығуларды орындауда спортық құралдарды пайдалану |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Көлік іздерін салыстыру, үлкен, кіші, ұзын қысқа сөздерін пайдалану.<br>**(математика негіздері)**<br>Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Далаға қағаздан жасалған ұшақтарын алып шығып ұшырып көру.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Кітаптан ертегі оқып беру<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында кеңестер беру<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну. | | | | |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қаңтар айы 2024 жыл 5 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі<br>29.01.2024 | Сейсенбі<br>30.01.2024 | Сәрсенбі<br>31.01.2024 | Бейсенбі<br>01.02.2024 | Жұма<br>02.02.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға балаларды кітаптан ертегі кейіпкерлерімен таныстыру маңыздылығы жайлы ұсыныстар беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды карауjәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру барысында балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Таңдауы бойынша<br>үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойнауға мүмкіндік беру .<br>Өнер орталығында сурет салу,суретті кітапшаларды қаратып бояту.<br>Құрастырмалы ойыншықтармен ойнауды және ойындарынан соң ойыншықтарды сөрелерге жинату.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Қар түіршіктері»<br>Міндеттері:Домалақ қар түіршіктерін қаламмен салу<br>**(Сурет салу)** | «Ертегілер елінде»<br>Міндеттері:Балалар таңдаған шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Суреттерін көрсету сипаттау.**(Сөйлеуді дамыту)** | «Шарбақ»<br>Міндеттері:Құрылыс құралдарынан суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып шарбақтар жасауды үйреету<br>**(Құрастыру)** | «Ғажайып сандық»<br>Міндеттері:Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, немесе жемістердің, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>«Ғажайып сандықты» қолдану арқылы<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Мультфилім көру»<br>Міндеттері:Қалауы бойынша мультфилім көру ондағы кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке<br>дайындық</td><td colspan="5">Шаттық шеңбер.<br>Ау, балалар, балалар!<br>Айналаға қараңдар!<br>Биыл тәтті қыс болды,<br>Бұл бір сәтті іс болды.<br>Ақ бұлт бүркеп аспанды,<br>Шекер жауа бастады.<br>Бұл қыс қандай тамаша!<br>Ә. Табылды тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін еске алу. Терезеге қарап ауа райын бақылату.<br>«Қыс мезгілінде қандай айлар бартуралы не біледі?» «Қыста қандай мереке болды?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасату (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Қазақ тілі<br>«Мен әдепті баламын»<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу</td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан</td><td>Музыка<br>«Қыс мезгілі»<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан</td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд | | тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>«Допты дәлдеп лақтыр»<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеденсырғанау. | тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u> |
| | «Дүкен»<br>Міндеттері: Заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен | «Көгөністер мен жемістер»<br>Міндеттері:Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, | «Геометриялық фигура»<br>Міндеттері:Геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру және бөлме ішінен | «Өз бетінше құрастыру»<br>Міндеттері:Негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдану арқылы | «Азық түліктер»<br>Міндеттері:Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен азық түліктерді жасату **(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байыту үшін дүкен ойынын ұйымдастыру **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | көгөністер мен жемістерді, мүсіндету **(Мүсіндеу)**<br><br>«көгөністер мен жемістер» Міндеттері:Көгөністер мен жемістерді көлемдеріне қарай екі түрлі табаққа жапсыруды үйрету **(Жапсыру)** | шаршыға ұқсас заттарды табу **(Математика негіздері)** | өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру **(Құрастыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігін арттыру үшін , спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың сырт киімдерінің реттілігіне зейін аударып, бақылауға үйрету;<br>Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау.<br>Мақсаты: Маусымдық табиғат құбылыстарын бақылату қысқы мезгілдегі қар үймектерімен мұзды салыстыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Лақ пен қасқыр» | Балабақша ауласынада биік аласа қар үймектеріне жалаушалар қондырып сәндеу. Бір біріне көмектесу ықыласын дамыту **(Математика негіздері)**<br><br>Балалардың құрастыруға | Еңбек.<br>Мақсаты: Ауада қар тазалауда қолданылатын заттармен таныстыру. Шағын күрекшемен журетін жолды тазалату. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қар бетінде | Серуенде ұсақ заттармен және спорттық ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру**.** **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін | Бақылау.<br>Мақсаты: Желдің соғуын, ағаштардың тегселуін бақылату. Байқаған ауа райы туралы өз бетінше айту дағыдысын қалыптастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Шағын таяқшалар мен қар бетінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар | қызығушылығын арттыру, қардан қоянға үйшік құрастыруды үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Қимылды, еркін ойындар** | қолғаптарын киген алақандарымен іздер салу тамашалау<br>**(Сурет салу)**<br>**Қимылды ойын:**<br>«Лақ пен қасқыр» | сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. | шеңберлерді (шарларды) салдыртып тамашалату.<br>**(Сурет салу)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды жүру дағдыларын дамыту. Асықпай бір-бірін итермей жүруді пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін жетілдіру. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеуді пысықтау.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кеңістік бағыттарын (үстінде,астында, жанында)бағдарлау ды үйрету үшін «Зат (ойыншық) қайда тұр» ойынын үйрету.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Міндеттері:моншақтард ы ермексаздан жасату<br>**(Мүсіндеу)**<br><br>«Ыдыс аяқтар» Міндеттері:Фланелегра фқа үстел үстіне ыдыс аяқтарды жапсырып орналастыру .<br>**(Жапсыру)** | «Қар ханшайымы» ертегісін үстел үсті театыры құралдарымен сахналап көрсету<br>**(Көркем әдебиет)**<br><br>«моншақтар» Міндеттері:Жіпке тізілген әсем моншақтарды бояту<br>**(Сурет салу)** | «қар жамылған ағаштар» Міндеттері:Терезеден қар жамылған ағаштарды көрсету олардың алдында тұрған аққаланы көрсетіп ол туралы не білетіні айтқызу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Балаларды екі топқа бөліп бірінші топтағыларға қар түйірлерін ермексаздан жасау екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп үлкен кіші аққалаларды жапсырады<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | Ұжымдық жұмыс. Міндеттері:Ыдыс аяқ түрлерін таңдап бояу немесе дайын ыдыс аяқтар бейнесін фланелеграфтағы сөреге орналастырып жапсыру<br>**(сурет салу, жапсыру)**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды( күндіз-түнде таңертең-кешке) үйрету үшін .<br>«Бұл қай кез» дидактикалық ойынды ұйымдастыру.<br>**(Математика негіздері)** | Үй жануарлары Міндеттері: Үй жануарларын көлемдеріне қарай фланелеграфта дайындалған үйшіктерге орналастырып жапсыру<br>**(Жапсыру)**<br><br>«Жол» Міндеттері: Үйшіктерге апаратын жолдарды еден үстінде құрастыру.<br>**(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйретуге «Дидактикалық ойындар»ойнату | Құрастыру бағытындағы суреттерді қарастыруға ынталандыру | Ринатты,Айбибіні музыкалық,ырғақты ойындарға қатыстыру арқылы белсенділігін арттыру | Қағаз бетіне сызықтар салуды үйретуде түсіндіру,көрсету әдістерін әрдайым жүргізу | Нұрисламға мүсіндеудің жеңіл тәсілдерін үйретуді жалғастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.<br><br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту. **(Құрастыру)**<br><br>Қ/о «Кім жылдам?» | Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қ/о «Тырналар» | «Қорапта не бар жасырылған затты атап сипаттауына жағдай жасау.<br>Қ/о «Поезд» | Қ/о «Кім жылдам?» Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** | Ұқсас заттарды жинап қораптарға орналастыру **(Математика негіздері)**<br><br>Қ/о «Тырналар» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | | | | |

**Әдіскер: Нурдилдаева Ж.**
**Тексерілді:** Нур

# ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

**Каңтар айы**

I.Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жаймен жүру, жүгіру,
шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

1. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1- қолды жанына созу, 2- жоғары көтеру, 3- қолды айқастыру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау

2. Бастапқы қалып аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1- қолды жанына созу, 2-оң аяқты бүгіп, көтеру, 3-сол аяқты бүгіп көтеру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

III.1. Бастапқы қалып аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1-отыру, 2-аяқты қапсыра құшақтау, 3-бастапқы қалыпта оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Қос аяқтап секіру, кояндарға еліктеп.
5. Еркін тыныс алу жаттығулары

# ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

**Қоян мен қасқыр** ***(Тәрбиеші балалармен бірге)***

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

**Тырналар-тырналар**

***(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)***

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

**Тышқандар мен мысық.**

***Балалар — тышқандар.***

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

### Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

### Өз түсіңді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)

### Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

### Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

### «Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

### «Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

**«Не жедің, тауып айт»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

**«Торғайлар мен автомобиль»**

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.
Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

**Құстардың ұшып келуі**

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

**Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

**Қуыр-қуыр қуырмаш.**

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Шығармашылық әрекеттер. Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балалар құрылыс материалдарынан үй құрастырады. **(құрастыру)** Екінші орталықта шығармашылықпен айналысады. Қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың (бауырсақ) суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды фетр тақтаға жапсырады. | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Кесе жасату. **(мүсіндеу)** «Сақина салу» ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. **(көркем әдебиет)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. **(мүсіндеу)**<br><br>Кілемшедегі оюларды бояту. **(сурет салу)**<br><br>Наурыз тойында киіз үйді тігетіні туралы кітаптар карату. киіз үй туралы не білгендерін сұрау. **(көркем әдебиет)** | Әшекей бұйымдарды безендіру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға дағдыландыру. **(сурет салу)**<br><br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. **(құрастыру )**<br><br>Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі | Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)**<br><br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен таңбалап безендіруді меңгерту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)** | **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көктемнің алғашқы айы наурыз екені. Наурыз тойы туралы ақпарат беру | Ұлттық ойындармен таныстыру | Ұлттық құндылықтарды дәріптеп,үйрету | Көктемнің алғашқы айы наурыз екені. Наурыз тойы туралы ақпарат беру | ұлттық әшекейлерді мүсіндеп,сурет салуға көмектесу |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын**<br>«Поезд»<br><br>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету **(музыка)** | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>Құрылыс материалдарымен еркін ойындар ойнату | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Құстардың ұшып келуі» | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Сақина жасыру» | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(құрастыру)** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру.<br>Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.<br>Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну. | | | | |

## Наурыз айы 2024 жыл 3 апта

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 18.03.2024** | **Сейсенбі 19.03.2024** | **Сәрсенбі 20.03.2024** | **Бейсенбі 21.03.2024** | **Жұма 22.03.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | «Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,<br>кеңес, әңгімелесу** | ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары,<br>бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды караужәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. **(құрастыру)**<br>Кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.<br>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру | | | | |
| | Серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі – құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы,қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. **(қоршаған ортамен танысу)** | Күн тәртібі<br>Міндерттері:бейнеленген суреттер мен күн тәртібі бейнеленген қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке түсінігін пысықтау<br>Ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын тауып жапсыруды | «Бақша ағаштар»<br>Міндерттері:әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. **(көркем әдебиет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру.<br>**(математика негіздері** | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Шуақ шаша алтын таңда,<br>Мөлдір таза ауада.<br>Табиғаттың бәрі оянады.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Сәлем бердім саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім.<br>Сәлем бердім бәріңізге!<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар?<br>Атап беріңдер?<br>Жарайсыңдар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Қазақ тілі**<br>**«Наурыз мерекесі»**<br>құрдастарын есімімен | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. | **Музыка**<br>**«Жаңбыр»**<br>Балаларға арналған | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекеттер** | толық, дұрыс атауға баулу. | Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық),<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br>Қимылды ойын:<br>Қоян мен қасқыр | музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | | |
| | «Құстар»<br>Міндерттері: балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарап, әңгімелеуіне мүмкіндік беру.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Міндерттері:Құстарды ң суретін аяқтау(шеңберге үшбкрыштар салу арқылы), бояу | «Жаңбыр»<br>Міндерттері:Терезеге қарап жаңбырды тамашалау. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйюды ұйымдастыру<br>**(сөйлеуді дамыту және қоршаған** | «Көктем»<br>Міндерттері:Көктем мезігілі турал фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сурет салу).** | **ортамен танысу)** | келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет етіп салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. **(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды салыстыру. Тең бе анықтауды жетілдіру **(математика негіздері)**<br><br>**Қимылды ойын** | Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты: Ауладағы ағаштарды бақылау, салыстыру, | Алып шыққан ойыншықтарын салыстыру. **(математика негіздері)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Күміс алу» | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сақина жасыру»<br><br>Наурыз туралы ән айту.<br>**(музыка)**<br><br>Еркін ойындар | Ағаштарды, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Поезд» | Еркін ойындар<br>Құмға таяқшалармен өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>**(сурет салу)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. **(сөйлеуді дамыту** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталату, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Құстардың мүсінін жасау, фетр тақтасына жапсыру жұмыстарын орындату **(мүсіндеу, жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** | Кітаптар қарату. Таныс ертегілерді өз бетінше айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан жапсыруды үйрету**(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу **(музыка)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Табиғаттағы өзгерісті бақылату,суретін суреттерге қарау арқылы құрастырып боятуды дағдыландыру | Нұрислам,Асылзатқа нешеу? Қаншау? Ұғымдарын түсіндіру | Әндерді ырғағымен айтуға дағдыландыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын**<br>«Жоғары лақтыр»<br><br>Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру.<br>**(Құрастыру)** | **Қимылды ойын**<br>«Сақина жасыру»<br><br>Еркін ойындар | Еркін ойындар<br><br>Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру.<br>**(Құрастыру)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Қоян мен қасқыр» | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Қазақша жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну.<br>Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. | | | | |

## Наурыз айы 2024 жыл 4 апта

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі**<br>**25.03.2024** | **Сейсенбі**<br>**26.03.2024** | **Сәрсенбі**<br>**27.03.2024** | **Бейсенбі**<br>**28.03.2024** | **Жұма**<br>**29.03.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша),<br>Балармен жеке жұмыс. | | | | |
| | | Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап | Өнер орталығында сурет салу, суретті | Құрастыру материалдарымен | Бөлме өсімдіктеріне және табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». | кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. | құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. | бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту.<br>Жарайсыңдар!!! Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай | **Музыка**<br>**«Наурыз»**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойымен жүру.<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Тышқандар мен мысық. | | жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*<br>оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда | жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*<br>оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Өз түсіңді тап. |
| | | «Бәйтерек» Міндеттері: ағашы туралы мультфильм суреттер карату. Астанадағы бәйтерекпен салыстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Ұжымдық жұмыс. | Балаларды орталықтарға бөлу. Міндеттері: Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. | Ғажайып қоржынды көрсету. Міндеттері: Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, | Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Міндеттері: Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Міндеттері: Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстыруын ұйымдастыру. **(мүсіндеу)** | **(көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың дербес шығармашылық әрекеті. Міндеттері: Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. **(сурет салу).** | балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. **(математика негіздері)**<br><br>Міндеттері: Қоржыннан шыққан ойыншықтардан әр түрлі құрылым құрастыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. **(құрастыру)** | тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнатуын ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Міндеттері: Дәндерді екеуден жинату. Карточкалармен жұмыс жасату. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | | |
| **Серуен** | | Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау.<br>Мақсаты: Қазақстанды мекендейтін жабайы | Бақылау.<br>Мақсаты: Көктемгі ағаштарды бақылау. Белгілерін тани білуін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу)** | Бақылау, зерттеу.<br>Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылату | Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Бақылау.<br>Мақсаты: Табиғатты бақылау барысында | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу)** Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салу. **(сурет салу)**<br><br>**Қимылды ойын** «Поезд» | **Қимылды ойын** «Жалауға қарай жүгір»<br><br>Асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **(сурет салу)** | (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту **(құрастыру)**<br><br>**Қимылды ойын** «мысық пен тышқан» | жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып таныстыру **(қоршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойын** «Трамвай» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айтқызу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдenetін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыруды пысықтау **(математика негіздері)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету.<br>**(музыка)**<br>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта фетр тақтасында жапсыру әрекетін жасату.<br>**(жапсыру)** | Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату.<br>**(математика негіздері)**<br><br>«Көктемдегі Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруға жағдай жасау **(мүсіндеу)**<br><br>Бау бақша жасату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; **(жапсыру)**<br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу,**<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру. **(құрастыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. | Таныс ертегінің кейіпкерлерінің қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. | Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді айтып таныстыру |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | | **Қимылды ойын**<br>«Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р»<br><br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ағаштың не беретінін естерінде сақтау. Ағаштардың жапырақтарын бақылату.<br>**(көркем әдебиет)** | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету.<br>**(муызка)**<br><br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Тышқандар мен мысық.» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Допты дәлдеп лақтыр» | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ағаштар туралы әңгімелесуді ұсыну. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. |

**Әдіскер: Нурдилдаева Ж.**

**Тексерілді:** Нур

**ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ**

**Наурыз айы (гүлдермен)**

I. Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп түру.

II. Бастапкы қалып - аяқты бірге косып тұру, қол төменде:
1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу,
4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашык қол төменде:
1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гулдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу,
4-қолды алға созу , 5-жердсгі гүлдерді қолға алу бастапқы қапыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

IV. Бастапқы калып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу.

V. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.

# Ертегілер

**Атасының ақылы**

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

*С. Сейтенов*

### Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: еситуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?Ауру айтты дейді:
- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

*Ы. Алтынсарин*

### Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торгай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып,тағы да шырын сора бастады.

*Т. Жексенбай*

### Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі,Бақытгүлі өмір сүріп жатады. Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында
«Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады.Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қарағанРаушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, -дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былайістеңдер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгіліндегүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Саған шыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

*Г. Құлжабаева*

## Жалқау қыз

(башқұрт ертегісі)

Баяғыда әжесі мен оның немере қызы болыпты. Әжесінің қартайғаны сонша, ештеңе істей де алмапты. Ал немере қызы тіпті жалқау екен. Кемпір жылдан жылға қартайып, қажи беріпті. Көктемнен аман-есен шыққан соң ол: «Тамақ керек, жұрттың бәрі, әне, егін егіп жатыр, біздің де бірдеңе сепкеніміз жөн»,– деп ойлайды. Ол осы ойын немересіне айтады.

— Қажеті жоқ, әже, сен мүлдем қартайдың, күзде мүмкін о дүниелік боларсың, одан соң мені өз отбасына алатын бір мейірімді адамдар табылар. Бізге нанның не керегі бар? – дейді немересі.

Осылайша олар ештеңе де екпейді.

Күз келіп, жұрт алқаптағы егінін жинап алады. Кемпір өлмейді, немере қызды да бағып-қағуға алатын ешкім болмайды. Олар ашыға бастайды.

Бірде көршісі келіп қалады да, әжесі мен немере қыздың жейтін ештеңесі жоқ екенін көріп:

— Келіп ең құрығанда кішкене болса да, тары алып кеткендеріңде ғой!

— дейді. Көрші кетіп қалған соң әжесі немересіне:

— Барып тары алып келсеңші! – дейді. Ал немересі оған:

— Алудың қажеті бар ма? Мүмкін оның тарысы жақсы емес шығар… –деп жауап қатады.

Қыс бойы кемпір мен немересі қатты ашығып, аштан өліп қала жаздайды. Көктем шығысымен немере қыз егістікке жұмысқа шығады.

— Жұмыс істеп қайтесің? – деп күледі көршілері. – Әжең сенің қартайды, төрінен көрі жуық. Ал сені тәрбиелейтін біреу табылар. Нан сендерге неге керек?

— Жоқ, болмайды, мен енді түсіндім. «Қыстың қамын жаз ойла»,– деп қариялар бекер айтпаған екен, – дейді немересі.

*Орыс тілінен аударған Байбота Қошым-Ноғай.*

**Әтеш пен бұлбұл**

Ерте, ерте, ертеде әтеш пен бұлбұл араларынан қыл өтпейтін тату дос болыпты. Ол кезде екеуінің дене тұрқы да ұқсас екен. Күндердің күнінде тау қойнауындағы ұяларының қасынан өтіп бара жатқан аспан перизаты әтеш пен бұлбұлдың:

- Біз әнші болсақ қандай жақсы болар еді? – деп армандап отырғандарын естіп қалыпты. Ол мұны естігеннен кейін олардың қасына келіп әнші болуды қаласа, үйрететіндігін айтыпты. Әтеш пен бұлбұл қуана келісіпті.

Сонымен олар әнші перизаттан өнер үйрене бастапты. Бұлбұл орнынан таң сәріде тұрып, өнерге жаттығумен айналысады екен де, әтеш ұйқышылдау болып, кеш тұрады екен. Оның үстіне ол өзінің қызыл айдарын мақтан көріп, өзін бұлбұлдан артық санап жүріпті. Екеуіне бір жыл өнер үйреткен әнші перизат оларға:

- Сендер көп өнер үйрендіңдер, ендігі мәселе, сол өнерлеріңді өздерің дамытуларың керек, үзбей жаттықсаңдар, өрелі өнерге ие боласыңдар, мен енді бір жылдан кейін келіп, екеуіңнен сынақ аламын, - депті де көзден ғайып болыпты.

Әтеш пен бұлбұл ақылдасып, екеуі екі тауда тұрып, жағы талғанша сайрайтын болыпты, тіпті бұлбұлдың үнін ормандағы аңдар мен құстар да қызыға тыңдайды екен, ал әтеш болса өзінің даусының зорлығына сеніп, күні бойы ұясына кіріп ұйықтаумен болыпты. Ол үнемі ұйықтағандықтан, бұғағы салақтап, семіре бастапты әрі құйрығы да ұяда үнемі жатқандықтан, қайырыла-қайырыла қайқая дөңгеленіпті. Сөйтіп, ол біржылдың өткенін де сезбей қалыпты. Уағдалы уақытта бұлбұл мен әтешті әнші перизат іздеп келіпті. Ұйықтап жатқан жерінен оятып алса да, әтешті әзер таныпты. Әтеш болса ерекше семіргендіктен, әуелгідей ұзаққа ұша алмайтын болыпты.

Әнші перизат бұлбұл мен әтешті қатар тұрғызып, жеке-жеке сынақ алыпты. Бұлбұл құйқылжыта сайрағанда, әтеш шаңына да ілесе алмай қалыпты. Бұлбұлдың соншама өнер үйренгеніне қайран қалумен бірге өзінің күні бойы ұйқымен болғанын ойлап, қатты ұялыпты. Ол іштей ұйқысын азайтуға ант етіпті, әрі содан бастап әр күні ертемен тұрып, өзініңзор дауысы арқылы басқаларды оятып, ізгілікті іс істеу байламына келіпті. Сөйтіп өз кінәсін мойнына алуды ойлапты.

Сол күннен бастап әтеш ұша алмайтын болып қалыпты да, оның есесіне таңнан тұрып шақыратын болыпты. Ал бұлбұл өзінің өнерін қанағат тұтпай, күні бүгінге дейін жаттығады екен.

*Ж. Жәкен*

# ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

**Қоян мен қасқыр** ***(Тәрбиеші балалармен бірге)***

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

**Тырналар-тырналар**

***(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)***

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

**Тышқандар мен мысық.**

***Балалар — тышқандар.***

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

**Шыбыққа қалпақ кигізу**

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

**Өз түсіңді тап.**

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: кызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)

**Ақ доп, қызыл доп**

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

**Поезд**

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакывдап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

**«Допты дәлдеп лақтыр»**

Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

**«Күміс алу»**

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

**«Не жедің, тауып айт»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін аныктау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

**«Торғайлар мен автомобиль»**

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

**Құстардың ұшып келуі**

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

**Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

**Қуыр-қуыр қуырмаш.**

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:
-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.
1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.
Сен тұр түйеңе бар
Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.
Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:
Қуыр-қуыр ,қуырмаш
Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қасқыр келсе мықтап бас
Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:
Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар
- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды